

Бекітемін
№62 «Нұрсәуле»
балабақшасының меңгерушісі
А.З. Касенова

Бекітемін
К.Ақышев атындағы №69 мектеп-
гимназиясының директоры
Ж.К.Рахметова

2024 – 2025 оқу жылдарында №62 "Нұрсәуле" балабақшасы және К.Ақышев атындағы №69 мектеп-гимназиясы арасындағы бірлесіп жұмыс жасау туралы шарты

Астана қаласы әкімдігінің №62 «Нұрсәуле» балабақшасы, бұдан әрі Жарғы негізінде әрекет ететін балабақша меңгерушісі Касенова Асем Зайтиновна, бір тараптан, және Астана қаласы әкімдігінің Кемел Ақышев атындағы №69 мектеп-гимназиясы арасындағы, бұдан әрі «Мектеп» деп аталатын Жарғы негізінде әрекет ететін, Мектеп директоры Рахметова Жұлдыз Куанышовна екінші тараптан, төмендегілер туралы шартты жасады:

1. ШАРТТЫҢ НЕГІЗІ

- 1.1. Бұл шарт балалармен жұмыстарды дамыту мақсатында мектеппен қызмет көрсету үшін өзара тиімді ынтымақтастықпен байланысты тараптардың қарым-қатынасын орнатады, олардың құқықтары мен міндеттерін анықтайды.
- 1.2 Қазіргі шарт екі жақтың құқығы мен міндеттерін, балабақша мен мектептің ұйымдастыру мен бірігіп білімді іс - әрекеттерін орындауға мүмкіндік береді, екі жақ орындауға міндетті.
- 1.3 «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, «Тілдер туралы» Қазақстан Республикасындағы бала құқығы туралы» Заңның және балабақшадағы 5-6 жастағы балалардың мектепке даярлық бағдарламасы негізінде екі жақ жұмысын жасайды.
- 1.4 Бірігіп іс - әрекет жасау мақсаты балалардың мектепке тез бейімделуіне жақсы жағдай жасау, тәрбие мен балалардың өзекті оқытылуы, олардың саулығын күшейту және қорғау, жеке даму мен парасаттылық дамуын қамтамасыз ету.

2. ЕКІ ЖАҚТЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1. Балабақша міндеті:

- әр баланың саулық тобының өзгерген динамикасын жүргізу, олардың себептерін табу;

- балалардың саулығын сақтау және күшейту, оларды дамыту;
- мектепте жақсы оқуын қамтамасыз ететін төзімділік, отыруға шыдамдылықтарын үйрету;
- мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие-білімі процесін қамтамасыз ету;
- балабақшадан мектепке кеткен балаларының кейінгі даму мен оқуын бақылап жүру;
- балаларды мектепте оқуға дайындау үшін қолайлы психолого-педагогикалық жағдай жасауын қамтамасыз ету.

2.2. Мектеп міндеті:

- мемлекеттік білім үлгі қалыпының талаптарына сәйкес білім іс - әрекетін қамтамасыз ету, нақты мектепке дайындығын есепке алу;
- балалардың саулығын күшейту және қорғау, олардың кейінгі дене дамуы, саулық тобының өзгерген себептерін белгілеп қамтамасыз ету;
- балалардың мектепке тез бейімделуіне қолайлы психолого - педагогикалық жағдай жасауын қамтамасыз ету;
- балабақша бітірген балаларды ата - аналар, әкімшілік өтініштері бойынша бір сыныпқа алу;
- балабақша сауалы бойынша бұрынғы балалардың оқу нәтижелерін беру.

2.3. Балабақшаның құқығы:

- мемлекеттік үлгі қалыпының талаптарына сәйкес бағдарламаларды жасау, үздік таңдау жасау;
- мектеп бағдарламасына қарап балалардың оқыту мен тәрбиесінде әдістемелікті қолдану;
- мектеп өкілдеріне бірігіп өткізетін шараларға өзгерітер мен ұсыныстарын енгізуге болады;

2.4. Мектептің құқығы:

- мемлекеттің үлгі қалыпының талаптарына сәйкес үздік таңдау, бағдарламаларды жасау және бекіту;
- балабақша өкілдеріне бірігіп өткізетін шараларға өзгерістер ұсыныстарын енгізу;
- балабақшадағы педагогикалық кеңестердің жұмысына қатысу;
- балабақша педагогтары мен балалардың ата - аналарына кеңес түрінде көмек көрсету.

3. ШАРТТЫҢ ЖҰМЫС МЕРЗІМІ

- 3.1 Екі жағынан қол қойылғаннан кейін екі жақтың келісімі бойынша шарт басталады ол ұзартылады немесе өзгертіледі;
- 3.2 Шартты ұзарту немесе бұзатын болса сол жақ аяқ мерзіміне бір ай қалғанда жазбаша түрде хабарлауға міндетті;

3.3 Келісімнің қолдану мерзімі 1.09.2024 жылдан бастап 31.05.2025 жылға дейін;

3.4 Шарт екі данада жасалады, екі данасы да бірдей заңды күшке ие.

4. ЕКІ ЖАҚТЫҚ МЕКЕН- ЖАЙЫ

№62 «Нұрсәуле» балабақшасы
Сырым батыр,105

Тел: 49-17-32

А.З.Касенова



К.Ақышев атындағы
№69 мектеп-гимназия
Исатай батыр,141

Тел: 57-75-80

Ж.К.Рахметова

